

егемен

Қазықастан

## ҚЫРАН БАПТАҒАН ҚАЗАҚ

Мүлгіген далалық тыныштыққа, көкжиекпен көмкерілген шексіздікке, кеудені керген таза ауаға, аспанда қалықтаған қыранға, ойпаңда жортқан аңға көз-көңілі тойғысыз шетелдік саяхатшылар келуге құштар. Қыр қазақтарының тұрмыстық салт-дәстүрімен тікелей танысу тартады оларды. ЕУРОПАҒА АЯН ҚЫСТАҚ Иә, әуелі қалай болып еді?! Нарық деген тосын құбылыс килігіп, құрсаулап қысқан шақ басындағы сол бір іс-әрекеті жұртты қайран қалдырған. Жезқазғандағы жылы орнын қиып, жапан даладағы жалғыз қыстаққа жөнep бергені таңсық-ақ жай болатын. Кейінгі өмірін күрт өзгерткен осы оқиға ойға оралғанда жалаң тәуекелшілдік емес, жаңа уақыт тынысын, заман ағымын демде аңдаған көкірек көрегендігі көзге ұрмай қоймайды. Қазір еске алса, сол кезде абдырап-абыржыған көптің ортасынан суырылып шығып, бұрын-соңды белгісіз, таныс емес шаруаға кіріскендегі аяқты кері тартқан, талпынысты тайдырып баққан талай кедергі, келеңсіздікті қалай болғанда да еңсеріп-жеңіп шығуы белес биігіндей. Әр адам бойындағы қарым-қабілет жарқырай көрініп танылатын шақтар болады ғой. Әсіресе, сындарлы кезеңдегі жөні өзгеше. Ол сонысымен ыстық оған. Еңбек пен ақыл қосталса қандай да мақсат алынбай қалмайтындығын осы кісіге қатысты айтудың артықтығы жоқ. Бұдан тура жиырма жыл бұрын шаруа қожалығын құрғанда өзгелердей еншіге тиген, соған сүйенерліктей ештеңе жоқ еді қолында. Қаладан ауылға ауысқан адамға қырын қабақ, қызғаныш бір жағынан жабысқан-ды. Жергілікті шенеуніктермен айқаса-жұлыса жүріп, табандылығы мен біліктілігін алға тосып, жиған-тергенін шаруа басын құрауға салып біртіндеп әлдене берген. Азын-аулақ құнажын, қойдан, жылқыдан қара ұлғайған түлік өсірумен қоса басқа істер өрбітілген. Келе аудан орталығы Ақсу-Аюлыда дүкен, кафе ашылып, өнім өткізу мәселесі де шешілді. Ниеттестері басы қосылып, шаруашылық ауқымы одан сайын салмақтанды. Қотыр Қызылтаудың төсіндегі кешегі елсіз қыстақ бүгінде күнделікті тіршілік қамы қыз-қыз қайнаған, келгенді қызықтырарлықтай мекен. Кәдімгі қаладағыдай жарығы жарқыраған, ыстық, суық суы шүмекті бұрап қалса құйылған, әлемнің бар жаңалық-оқиғасы қабырғаны тұтас көмкерген теледидардан жайылған үш үй іші-сырты сәнді-ақ. Ең аяғы моншаға дейін дайын тұр. Мұны да былай қойғанда, келімді-кетімді кісілерге арналған мейманхана есігі әрдайым ашық. Арқаның қиян түкпірінде осындай қыстақ пайда болуы еліміз бейнесінің қандайлық өскенін паш етерлік құбылыс десек, соның тамаша көрініс-үлгісі тақырыбымызға арқау Тілеуқабыл Есенбеков сынды азамат еңбегінің мәуелі бір жемісі. Ол жақсылық-шарапаты өз төңірегі ғана емес, алысқа төгілген жан тұрғысында аймаққа аян. Осыдан біраз жылдар алдында Жаһандық экологиялық қор мен Дүниежүзілік банктің “Қуаң жерлерді басқару” жобасын іске асыруға Шет ауданын таңдап алуына ықпалы аз тимеді. Өңірдің шөлге айналуын, далалық экожүйедегі биологиялық бұзылуды тежер бұл шараға қамтылар аумақты белгілеуде шетелдік мамандарға білгір кеңесші ретінде танылды. Жер жағдайына, табиғат ерекшелігіне қанықтығына сүйеніп, қалпына келтірілетін алқаптарды анықтасты. Бұл жұмыстар арқасында өңір шырайының құлпырып, жайнап-жасана бастауы көңіліндегі орындалған үлкен арман. Одан кейін БҰҰ-ның Даму бағдарламасы бойынша екі шаруа қожалығына жел диірменін алып беруге септік етті. Электр қуатын өндіретін қондырғының игілігі жапанда мал баққан жандарға өлшеусіз болып отыр. Жә делінгенде, бұлар Тілекең тынымсыз іс-ізденістерінің мұхит бетіндегі мұзтауының бір сілемдеріндей ғана. Ал тыңнан тауып, әзірге ешкім қаперіне кіре қоймаған жаңаша жұмыс тәсілдері қаншама. Атала берсе таусылмастай. Мәселен, этнографиялық-экологиялық туризмді қалыптастыруға із салушы екенін айтпай өте алмайсыз. Жоғарыда аталған қыстақ бір жағынан соның орталығы іспеттес. Мұнда мүлгіген далалық тыныштыққа, көкжиекпен көмкерілген шексіздікке, кеудені керген таза ауаға, аспанда қалықтаған қыранға, ойпаңда жортқан аңға көз-көңілі тойғысыз шетелдік саяхатшылар келуге құштар. Қыр

қазақтарының тұрмыстық салт-дәстүрімен тікелей танысу тартады оларды. Оларға еуропалық күтім-қызмет талабына сай барлық жағдай жасалып қойылған. Жуасыған мініс аттарына қонып, қолдарына бүркіт ұстап, сондарынан тазы ертіп, өмірде көрмеген қызықтарына батып қалып жатады. Тіпті қымбат уақыттарын тәрік етіп, осында аунап-қунап қайтқан Жапония, Германия, Австрия, Словения мемлекеттерінің елшілері де бар. “Қонақжай халықпыз ғой. Барымызды жаямыз. Мақсат пайда табуда емес, ұлттық бітім-ерекшеліктерімізді, еліміз мәдениетін таныту”, дейді ол. Сонымен, Тілекеннің бұл шаруакорлық, ізденгіштік іздерінің қысқа қайырым жақтары. Сонда да бастағанын аяқтамай тынбасқа деген қасиеті осы мысалдардан айқын көрініп тұрған жоқ па. Көп сөзге жоқ ағамыз сөзді осымен доғарғандай ма еді, әңгіменің қалың қауымға мәлім сүйікті машығына ойысуын өтіндік. Үнсіз қала алмады. Қараторы жүзі әп-сәтте нұрланып, тұғырға міз қаққысыз қонақтаған құсына қарап қойып, сауырынан сипап өтіп, ығымызға жығыла берді. Енді алдымыздағы фермеріміз басқа қырынан танылып сала берді.

**ҚҰСБЕГІЛІК ЕНДІ ТАҢСЫҚ ЕМЕС** Бірден ашығын айтқандай, саятшылыққа жасынан жаны құмар болып өсіпті. Толағай, Ортау, Қотыр Қызылтау, Бұғылы-Тағылы етектерінде ежелгі әдіспен аңшылық құрар кешегі құсбегілердің көзін көріп қалыпты. Қанында ойнаған сол дәстүрді қайта оралтып, дәріптеу шаруашылық түзелген бетте қолға алынады. Бірақ қалай, неден бастау керек. Үрдіс үзілген. Ертедегі елестей ешкім есінде жоқ. Еміс-еміс болмаса өзі де қыр-сырына қанық емес. Әйтеуір тәуірі, Алматы жақта ұмытылмаған екен. “Соны естігеннен-ақ байыз тауып отыра алмай Кегенге аттандым. Издегенім Әбілхак Тұрлыбаев пен Сәрсекбек Дәулетбеков ақсақалдар еді. Арқадан ат сабылтып келгендегі бұйымтайымды айттым. Бастапқыда таң қалысты. Сосын сүйсініс білдірді. Айға жуық қастарынан қалдырмай аңшылық құс баптаудан бастап, қоян, қарсақ, түлкі, қасқырға дейін шүйліктіруді үйретті” деп сөз жалғастырған Тілекең Ойсары атты бүркітінің суретін көрсетіп өтті. Сөйткенде мұның да өзіндік сыры бар көрінеді. Қайтарында Сәрсекке ырым ретінде сыйға тартыпты. “Еліне құсбегілік өнер қайтсын” деп беріпті. Ырымы қырын кетпепті. Екіжақты байланыс мұнымен шектелмейді. Ол қос тәлімгерін ата жолымен ауылына шақырады. Құсбегілікті үйренуге ынталы жастарды жандарына үйіреді. Бұл күнде құсбегілердің жер-жердегі сайысында Шеттің атағын дүңкілдетушілердің дені алматылық ұстаздарының шәкірттері санайды. Сол кезде әкесінің етегіне жар-масып, үйренушілермен бірге тұлымшағы желбіреп жүгіріп жүретін кішкене қыз Мақпал Әбдіразақова бүгінде алысқа әйгілі құсбегі. Соған із салған, қастерлі дәстүрдің түлеуіне ұйытқы болған Тілеуқабыл ағаларының шапағаты үлкен деп біледі бәрі. Есімізде бұдан аттай он бес жыл бұрын Ақсу-Аюлыда жұрт бұған дейін қызықтап көрмеген әдеттегіден өзгеше жүрекке ыстық жарыстың өткені. Бұл құсбегілердің халықаралық сайысы болатын. Халықаралық десе делінгендей, сонау Австрия, Германия, Венгриядан келген құсбегілер де қырандарын жетісулық, керекулік, көкшетаулық, ақмолалық, қарағандылық бәсекелестерімен аңға қатар қосып, саятшылық құмарларын әбден таркатқан-ды. Содан соң-ақ мұндай сайыстар әр жерде дүрілдеп сала бергені мәлім. Соның ұйымдастырушысы Тілеуқабыл Есенбеков екенін әрі айтулы құсбегілігін білген шетелдік меймандар өз елдеріне шақырту жібереді. “Алдымен Австрияға жолым түсті. Мұнда бүркітпен саятшылық құруды тәуір көретіндер аз болмай шықты. Ала барған киіз үйімді Альпі тауының баурайына тігіп тастап, аңшылыққа қосылдым. Киіз үй бір, дала бүркіті екі естерін алған жаңа достарым кейіннен ұлттық мұрамыз туралы деректі фильм түсіртіп, байырғы қастерлі дәстүрімізді бүкіл Еуропаға аян етті”, деді сөз арасында сол сапарды еске түсірген ол. Кейде, өкінішке қарай, жақсы басталған істердің жібі босаңсып, мәні қойыртпақталып кететіні кездеседі. Мұның осынау әңгімеге байланысы бар. Расында қазір құсбегілік өнер өрлеп тұрғандай. Қырандарын сайлаған саятшылар арасында сайыстар жиі өтіп жүр. Алайда жасандылық жағы басым болып бара жатыр ма деп ойлайсың. Торда тыпырлаған қоянды төбеден төмен қоя берген бетте дайын тұрған бүркіт іле іліп түседі. Бар қимыл-әрекет осы ғана. Абай жырлағандай тастан түлкі табу, сағадан сымпың қағып із шалу, көктен сорғалап құйылу, жарқ-жұрқ етіп екеуден-екеу айқасу сірә, қайталандыра

алмас көрініс болар. Дегенмен сәл де болса сондайлыққа жуыстыруға мүмкіндік бар шығар. Бұл Тілекең көкейіндегі де ой екен. “Шын құсбегіге ондай оңай жол жараспайды. Сайыс ережесін қатандату, өткізілу тартымдылығын қызықтандыру жөнінде Туризм және спорт министрлігіне ұсыныс-пікірлерімді жібергеніме біраз жыл болды. Содан бері ешқандай хабар жоқ. Ресми сайыстар бұлайша жалғаса берсе құсбегілік өнердің сәнін де, мәнін де жоғалтып аларымыз анық” деген алаңдаушылығын жеткізе кеткіміз келеді. Фермерлік іскерлігі, құсбегілікке сүйіспеншілігі баяндағанымыздай болса, айтпақшы, айналып өтпес тағы бір өнерлі қыры бар екен-ау. Сөз кезегі сол жөнінде. МӘДИДІҢ ЕРІ Тілеуқабыл ағамыз қасқыр ішікті иыққа іліп, қызыл түлкі тымақты басқа қондырып, жалпақ күміс кісені буынып шығар сәттерде тіпті көріктеніп кетеді. Сондайда астындағы жазаң сары жорға, қолындағы мазасызданған қыран тұлғасына одан сайын жарасады. Жарқыраған ермен, шебер өрілген өмілдірік, жүген, құйысқанмен безендірілген жорға иесінің сәніне сайлық танытқандай панданып тұра қалатынын қайтерсіз. Көзіне үкіленген томаға жабылған, ағаштан оюланған өрнекті балдағы көз тартқан, балақбауының өзі көркем әсемдендірілген бүркіт тәкәппарлана түседі. Жануар екеш жануар да әдемілікті жақтыратынын қараңызшы. Біреу білмес, біреу білер бұл әбзелдердің бәрі Тілекең өзінің қолынан туған дүниелер. Қолы қалт еткенде қайыстан, былғарыдан, талыс пен тарамыстан, ағаштан саятшылық бұйымдарын жасау және сүйікті машығы дер едік. Осынау өнер әкесінен қоныпты. Соғысқа дейінгі кезде Есенбек отағасы айналасына танымал қол шебері болған. Әттең, майданнан оң қолынан айрылып қайтпағанда одан еріксіз қол үзбес те ме еді. Сөйтсе де баласына үйретіп кеткен. Енді әулетке тараған. Тілекеңнің ұлдары Абай мен Адай да ата өнеріне берік. Тілекеңнің ескі жәдігерлерді жинайтын да ғадеті бар. Солардың ішінде ең қымбаттысы, әйгілі Мәдидің ер-тоқымы. Шешесі жағынан нағашылығы бар бабаның ұрпақтары әкеліп тапсырған. Ол әбден ескіріп, шашылып қалған күйінде қолға тиген. Кезінде Қарқаралы қазақтарының ері қаз мойынды қасты болуынан, қасын қайыңның безінен жасайтындығынан таныпты. Бірнеше ай тірнектеп жинап, құрастырған ер қазір үй төрінде жарқыраған қалыпта сақталып тұр. Халқымызда кісілік деген үлкен ұғым бар. Міне, Тілеуқабыл Есенбеков кісілігі жайлы аз-кем сыр осындай. Айқын НЕСІПБАЙ, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Тасбаз қыстағы.

Толығырақ: <https://egemen.kz/article/kiran-baptagan-kazak>